

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге жататын мекеменің (объектінің) атауы:

«Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық онкология диспансері» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

Ішкі талдау жүргізуге негіздеме:

- 1) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5- тармағы;
- 2) «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 65 бабының 3 тармағы;
- 3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 19 қазандағы 2016 жылғы №12 бұйрығы;
- 4) Атырау облыстық онкология диспансерінің 2018 жылдың 14 маусымдағы №100 бұйрығы;

Ішкі талдау жүргізу уақыты:

«14» маусым 2018 ж. – «20» маусым 2018 жыл.

Ішкі талдау жүргізуге жататын мекеменің қызметтік мерзім аралығы:

«14» маусым 2017 ж. – «14» маусым 2018 жыл.

Жұмыс тобы:

1. Сиджанов Махжан Жолдасович (директордың орынбасары –төрағалық етуші)
2. Адилова Айнур Хамитовна (бас есепші)
3. Жуманалиев Куат Махмутжанович (заңгер)

Атырау облыстық онкология диспансерінің қызметіне қатысты басшылыққа алынған нормативтік-құқықтық актілер:

ШЖҚ КМК «АООД» өз қызметінде келесідей заң нормаларына сүйенеді: ҚР Конституциясына, ҚР Еңбек Кодексіне, ҚР Азаматтық Кодексіне, ҚР «Құқықтық актілер туралы» заңы, «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР заңы, «Мемлекеттік сатып алуды жүргізу ережесі», «Халықты жұмыспен қамту туралы» ҚР заңы.

Атырау облыстық онкология диспансерінің басқарушылық-ұйымдастырушылық қызметі байынша:

Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың алмасуы бойынша:

2017 жылы штаттық саны – 230,5 бірлік құрады. Қызметкерлердің нақты саны-161 адам.

2018 жылы штаттық саны- 228, 25 бірлік құрады. Қызметкерлердің нақты саны- 159 адам.

2017 жылға қызметкерлердің лауазымдық алмасуы болған жоқ, 26 қызметкер өз еріктерімен жұмыстан босатылған. Зейнеткерлік жасқа шығуына байланысты 1 адам жұмыстан босатылды.

2017 жылы – қызметкерге тәртіптік шара қолданған жоқ.

Сотталған қызметкерлер жоқ.

«Атырау облыстық онкология диспансері» ШЖҚ КМК қызметкерлерінің арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы ой-сана қалыптастыру мақсатында, бекітілген жоспар бойынша, құзырлы мемлекеттік органдармен, қоғамдық ұйымдармен бірлескен жиындар өткізілуде.

«Атырау облыстық онкология диспансері» ШЖҚ КМК-на жаңадан орналасқан қызметкерлер еңбек міндеттерін орындауға байланысты өзіне мәлім болған мемлекеттік құпияны, қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын мәліметтерді жария етпеу бойынша, жұмыстар жүргізілуде.

«Атырау облыстық онкология диспансері» ШЖҚ КМК ғимаратының көрнекі жерлерінде жадынамалар орналастырылған, онда лауазымды тұлғалар тарапынан жемқорлық әрекеттер болған жағдайда сенім телефондары көрсетілген, сонымен қатар, арыз-шағымдарға арналған жәшік арқылы келіп түскен өтініштерді уақтылы қаралып, тіркелуіне бақылау жасау, өтініштердің қаралу мерзімі мен тәртібі туралы көрнекті жерлерге ақпарат ілулі.

мүдделер қақтығысы бағыты бойынша:

жақын туыстарының, жұбайлары (зайыптары) мен жекжаттарының бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу мақсатында тексеріліп, бұндай фактілер анықталмады.

Көрсетілген мерзім ішінде, тексеріс кезінде сыбайлас жемқорлыққа тәуекелдік әрекеттері анықталмады.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР-ның заңына сүйене отырып жүзеге асыруда. «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығының сақталуы бойынша тексерілді. ШЖҚ КМК «АООД»-де, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу электрондық веб-порталы арқылы жүзеге асыруда, бұл жүйенің тиімділігі «тапсырыс беруші» ШЖҚ КМК «АООД» мен «өнім беруші» бизнес субъектісі арасында сөз байланысуды жоққа шығарады және алдын ала кездеспейді. Осындай мемлекеттік сатып алу, сыбайлас жемқорлыққа жол бермейді.

Көрсетілген мерзім ішінде, тексеріс кезінде сыбайлас жемқорлыққа тәуекелдік әрекеттері анықталмады.

«АООД»-нің емханасы қызметі бойынша:

Күнделікті «КазМед» және «АИС» жүйелері арқылы тіркеліп, Атырау облысы бойынша емханалардан, жолдамамен бекітілген уақытта, 100-120 науқас тіркеу бөліміне тіркеліп

шереттік нөмірлерін алады. Науқастарды қабылдау уақыты: 9:00 -ден кешкі 18:00 дейін, 13:00-ден 14:00 дейін түскі демалыс уақыты. «КазМед» және «АИС» жүйелерінің жүйелі жұмыс жасауларының арқасында, дәрігерлерге шеретсіз кіру, жолдамасыз кіру мүмкін емес екендігі, тексеріс кезінде дәлелденді. «АООД» емханасында ақпараттық тақта орнатылған, мұнда науқастардың назарына тегін көрсетілетін қызмет түрлері және тегін таратылуға жататын дәрілер тізімі көрсетілген, сонымен қатар, Денсаулық сақтау министрінің бұйрықтары үлінген.

Көрсетілген мерзім ішінде, тексеріс кезінде сыбайлас жемқорлыққа тәуекелдік әрекеттері анықталмады.


Анықтама:


- «Атырау облыстық онкология диспансері» ШЖҚ КМК-да тексеріс тобымен, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге кезінде, ешқандай сыбайлас жемқорлық немесе жемқорлыққа жол ашатын әрекеттер анықталмады;
- Осы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қортындысы «Атырау облыстық онкология диспансері» ресми сайтында жариялануға жатады.


Ұсыныс:

- сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді «Атырау облыстық онкология диспансері» ШЖҚ КМК-да жоспарлы түрде, әр тоқсанда жүргізілсін.

Жұмыс тобы:

1. Сиджанов М. Ж. (директордың орынбасары – төрағалық етуші)  _____

2. Адилова А. Х. (бас есепші)  _____

3. Жуманалиев К. М. (заңгер)  _____